



СОЗАҚ УНИ

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№37 (9110)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СӘРСЕНБІ
24 мамыр, 2023 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Еліміздің жаңа картасы

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі еліміздің жаңа саяси-әкімшілік картасын таныстырды.

Жоба ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа облыстар құру туралы Жарлығын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың 3 мамырында республикада Абай, Жетісу, Ұлытау облыстары құрылған

Жарлығы шықты. Бұл аталған өңірлердің экономикалық өсуіне серпін бергені сөзсіз. Карталарды әзірлеу – Президенттің осы шешімін іске асыру жолындағы кезекті бір қадам. Өндірілген картографиялық және геодезиялық материалдар мен деректер мемлекеттік басқаруда, елдің инфрақұрылымын дамытуда, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, навигациялық қызметтер



болатын. Осылайша, Қазақстанның саяси-әкімшілік картасы Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының жаңа шекараларын, сондай-ақ жаңадан құрылған облыстардың қалай орналасқанын көрсетеді. Сонымен қатар ведомство Абай, Жетісу, Ұлытау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының тақырыптық карталарын, сонымен бірге олардың облыс орталықтарының жоспар-схемаларын таныстырды.

Осылайша, министрлік масштабы 1:1 500 000 болатын еліміздің саяси-әкімшілік картасын, масштабы 1:1 000 000 болатын Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарының карталарын жаңартты, ал Ұлытау, Абай, Жетісу облыстарының карталарын жасады. Сонымен қатар масштабы 1:25 000 болатын Қарағанды, Семей, Өскемен қалаларының жоспар-схемаларын, масштабы 1:10 000 болатын Жезқазған, Қонаев, Талдықорған қалаларының жоспар-схемаларын әзірледі.

«Осыдан тура бір жыл бұрын ел Президентінің жаңа облыстарды құру туралы

саласында және адам қызметінің басқа да салаларында шешімдер қабылдау кезінде аса маңызды әрі қажетті геокеңістік негізі болып саналады», деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов.

Жаңа карталар барлық мүдделі мемлекеттік органға берілді. Сонымен қатар карталарға жеке және заңды тұлғалар да қол жеткізе алады. Ол үшін «Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру» мемлекеттік қызметін таңдап, Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығына өтінім беру қажет. Барлық картаны визуалды түрде және таңдау үшін pkgf.kz сайтынан көруге болады.

Айта кетейік, бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша 49, жеке және заңды тұлғалардың өтінімдері бойынша 225 тақырыптық карта ұсынылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Тараптар Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне баса мән бере отырып, екі ел қатынастарының қазіргі жай-күйі мен перспективасын жан-жақты талқылады.

«Сингапур Президентінің Орталық Азия елдерінің арасында ең әуелі Қазақстанға келуі – біз үшін зор мәртебе. Сіздің Қазақстанға сапарыңыз – тарихи оқиға. Бұл сапар біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. Қазақстан Сингапурмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниетті», деді Мемлекет басшысы.



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Халима Якоб келіссөздер жүргізді

Биыл наурыз айында екі мемлекеттің бір-бірімен дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Президент осы кезеңде елдеріміз арасында өзара сенімді саяси диалог пен белсенді парламентаралық байланыстар қалыптасқанын атап өтті.

«Қазақстан мен Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық ерекше орын алады. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына назар аударды. Сингапурдың Қазақстан экономикасына қйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Экономикалық қиындықтар мен пандемияға қарамастан, былтыр өзара саудасаттық көлемі 2 миллиард долларға жуықтады. Бұл өте жақсы нәтиже деп санаймын», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екі-жақты ынтымақтастықтың берік негізі қаланғанына тоқталды. Бұл орайда жақында құрылған Қазақстан-

Сингапур іскерлік кеңесі маңызды рөл атқарады.

«Сингапурға турист ретінде баратын азаматтарымызға қолдау көрсетеміз. Әрине, Сіздің елден келетін туристер мен бизнесмендерге біздің есігіміз әрдайым ашық. Сондықтан Қазақстан Сіздің елмен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екенін тағы да айтқым келеді», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Халима Якоб мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны, сондай-ақ өзіне және сингапурлық делегацияға қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сингапур Президенті екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

«Өте дұрыс айтасыз. Бұл – Сингапур Президентінің Қазақстанға, жалпы Орталық Азияға алғашқы сапары. Сондықтан бұл – өте маңызды сапар. Қазақстан – біз үшін Орталық Азия аймағындағы аса маңызды серіктес. Өйткені еліңізді, шын мәнінде, аймақтағы көшбасшы ретінде танымыз. Бұл біз үшін өте маңызды

әрі көп жылдан бері жақсы қарым-қатынас жасап келеміз. Бізді тығыз қарым-қатынасымыз ғана емес, ашықтық және тәртіп секілді қағидаттарға беріктігіміз де байланыстырады. Бұл – Қазақстан үшін де, біз үшін де маңызды», деді Сингапур Президенті.

Мемлекеттер басшылары экспорт мүмкіндіктерін кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы маңындағы «G4City» агломерациясының құрылысына қатысты бірлескен инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Бір жол – бір белдеу» бастамасын бір-бірімен сабақтастыру, сондай-ақ елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу жөнінде өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын қарастырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз - 2023

Аудандық «Созақ үні» газетіне II жарты жылдыққа жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-Пресс» арқылы: (индекс 64450) - 2400 теңге;
«Казпошта» арқылы: (индекс 64450) - 2371 теңге 20 тиын;
Мекемелер үшін (индекс19450) - 3571 теңге 20 тиын.
«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы жеке жазылушылар үшін - 2250 теңге.

Жазылуға асығыңыздар!

"Үлкендер жолы-ұлылық, Ұрпақтар жүр ұғынып"

атты тақырыпта бүгін Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастырумен облыстық семинар өтеді.

(Арнайы материалдарды 3-беттен оқисыздар).



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АРДАГЕРЛЕРІ АУДАНЫМЫЗДА

Алатау ауданы ардагерлер кеңесі жанынан құралған «Алатау өнер ұжымы» Созақ ауданында арнайы сапармен болып, А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі мен аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде ұйымдастырған концерттік бағдарламаларын ұсынып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Шара барысында Алматы қаласы Алатау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағатолла Ұсенбайұлы мен ауданымыздың тумасы, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз

Ата Егенов ежелден қарт Қаратау баурайында алуан мәдениеттерді тоғыстырып, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі Созақ өңірінің тарихына тоқталып, өнер ұжымының алдағы жоспарларымен бөлісті.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов құттықтау сөз сөйлеп, ауданда ұзақ жылдар бойы білім саласында қызмет етіп, болашағымыздың баянды болуы жолында аянбай еңбек еткен Ата Егеновке аудан әкімінің алғыс хаты мен сый-сияпатын табыс етті. Аудандық ардагерлер кең-

есінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов өнер ұжымының аудан ардагерлері мен халқын рухани азық, құнды, сазды өнер туындыларымен сусындатқаны үшін алғыс айтып, өнер жолындағы сапарларына сәттілік тіледі.

Алматылық өнерпаз қариялар «Біржан Сара» опералық қойылымын қойып, қазақ халқы және әлемдік классикалық әндер, халықтық билер орындап, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Келген қонақтар көтеріңкі, шат-шадыман күйде болды.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ ЖАҢА БАСПАНА САЛЫП БЕРДІ

Созақ ауданы, Шолаққорған ауылының тұрғыны Гүлзат Шайхұстанова облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбековтің демеушілігімен салынған жаңа баспанаға қол жеткізді. Бұған дейін өзінің жеке үйі болмаған, қазіргі таңда жолдасымен бірге жалдамалы пәтерді паналап отырған I топтағы мүгедектігі бар баспана иесіне аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғын үй кілтін табыстап, қоныс тойымен құттықтады.



Облыс әкімі Дархан Амангелдіұлының ауданымызға жасаған сапарында қабылдауында болып, баспана мәселесін шешіп беру жөнінде өтінішіңізді жеткізген болатынсыз. Міне, осы аралықта өтінішіңізді аяқсыз қалдырмай, қолымызда бар мүмкіндікті пайдаландық. Бұдан бөлек, бүгінде басқада тұрғысы төмен, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік, көмір, отынмен қамту және өзге де қажетті көмектер көрсетіліп келеді, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы әрбір тұрғын тарапынан көтерілген әлеуметтік мәселелердің өзектілігіне тоқталып өтті.

– Біздің жағдайымызды, жеткізген мұң-мұқтажымызды елеп, ескеріп осы игі істі ұйымдастырып отырған облыс әкіміне, аудан басшысына үлкен рахмет. Қатты қуанып отырмын. Бақытты болыңыздар, – деді қуанышын жасыра алмаған жаңа үйдің иесі Гүлзат Темірханқызы.

Аудан орталығынан берілген жаңа үйге асхана жабдықтары орнатылып, су, жылу сынды коммуналдық қызметтері жүргізілген. Бау-бақша өсіруге арналған жері бар. Жер учаскесі қосалқы шаруашылықты дамытуға мүмкіндік береді. Мүгедектік арбамен үйіне кіріп-шығуға қолайлы болу үшін пандус қойылып, бар мүмкіндік жасалған.

АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы Ақсақалдар Кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжілісті Созақ аудандық Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Берік Тұрғанбаев ашып, жүргізіп отырды.

Кеңестің күн тәртібіндегі мәселе Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің 2023 жылы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бағытында атқарған жұмыстары туралы орталықтың директоры Олжас Төлепбергеновтың хабарлама жасады.

Онда жастар арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу және жалпыұлттық бірлікті нығайту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жастар саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында атқарылар жоспарларымен бөлісті.

Мәжіліске жиналған ауыл, кент округтің ақсақалдар кеңесі төрағалары күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірқатар сұрақтар қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Профилактикалық іс-шара

Қазақстан Республикасы аумағында 2023 жылы 15-25 мамыр аралығында «Подучетник» жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде. Осыған орай аудан аумағында тәртіп сақшылары қоғам тыныштығын күзетіп қана қоймай, түрлі деңгейдегі қылмыстарды болдырмау мақсатында Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Созақ аудандық пробация қызметі бө-



лімшесімен бірлесе отырып, есепте тұрған сотталған азаматтардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша аралап, олармен кездесіп, Созақ аудандық полиция бөлімшесінің учаскелік инспекторларымен бірлесе отырып, профилактикалық мәні бар сұхбаттар жүргізілуде.

**Ақерке
КӘДІРБЕКОВА,
Созақ аудандық
пробация қызметі
бөлімшесінің аға
инспекторы,
әділет капитаны.**

ӨНЕРІМ-ӨМІРІММЕН ҰШТАСҚАН...

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен, «Өнерім-өміріммен ұштасқан» тақырыбында жас ақын, облыстық байқаулардың жеңімпазы, ерекше дарын иесі Дәмен Дәулет Мықтыбайұлының шығармашылық кешін өткізді.

Іс-шарада алғашқы сөз ақынның әкесі Мықтыбай Манабаевқа беріліп, ұлы туралы толғанысын айтып, ерекше балаға жасалып отырған қамқорлық пен құрметі үшін аудан және мекем басшыларына алғысын білдірді.

Шығармашылық кеште жас ақын авторлық өлеңдерін оқып, эстрадалық әндерін орындады. Жергілікті сазгер, ақын, жазушылар Байділде Айдарбек, Сәрсенбек Теңізбаев, Әмір Батырбековтер болашағынан үлкен үміт күттіретін Дәулет Мықтыбайұлына ыстық ықыластары мен тілектерін білдірді.

Кеш соңында «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ди-



ректоры Оспанов Марат Әбілқайырұлы ерекше азаматтарға әрқашан қамқорлық пен қолдау көрсетілетіндігі туралы ниетін білдіріп, Дәулет Мықтыбайұлына алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етті.

Әлеуметтік орталықта демеуші зейнеткерлер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтар жас ақынға қошеметтерін білдіріп, көтеріңкі көңіл күймен қайтты.

**Біржан САРЖАНОВ,
«Белсенді ұзақ өмір
және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының әлеуметтік маманы**

"Үлкендер жолы-ұлылық, Ұрпақтар жүр ұғынып"

Ғибрат отбасынан басталады

Көп жыл бойы ұстаздық қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықтым. Бала тәрбиесі оңай шаруа емес. Үлкен еңбекті қажет ететін мамандық. Көп ізденіп, көп оқу керек. Бірінші кезекте шәкірт бойына тәрбие негізін егуді



мақсат тұттық. Оқушы болғаннан кейін олардың бойында түрлі қасиеттер кездеседі. Шәкірт тал шыбық сияқты. Қалай қарай исең солай қарай өседі. Басты мақсат отаншыл, адал, елін жерін сүйген адам тәрбиелеу болды. Жұмыс барысында ұлттың тәрбие үдесінен шығуға барынша қаракет жасадық.

Талай шәкіртті тәрбиелеп, бойына білім нәрін егіп, үлкен өмірге аттандырдық. Қазір ауылдың ардагерлер кеңесінде төраға болып, қоғамдық жұмыстан қол үзбей атқарып келемін.

Қолымыздан келгенше елдің ынтымағы мен бірлігіне барынша үлесімді қосып келемін.

Тәрбие негізінен отбасынан басталады. Сондықтан балалардың мінезі, өмірге икемділігі ата-ананың назарында болуы керек. Осы жағына мықтап көңіл бөлген дұрыс. Әрине мектеп тәрбиенің ошағы. Десе де бала көп уақтысын үйде өткізгеннен кейін ата-аналар тарапынан қадағалау көп болуы керек деп ойлаймын.

Ұлттық тәрбие бала бойына ұлт жандылықты қалыптастырады. Сондықтан бала тәрбиесін бірінші орынға қойған дұрыс.

Ұстаз, ардагер ретінде мен осы жағына баса көңіл бөлемін. Нәтижесі жаман емес. Зейнеткерлікке шықсам да мектеппен байланысымды үзгенім жоқ.

Бүгінгі өтіп отырған семинардың мәні өте үлкен. Алдыңғы толқын ағаларға қарап кейінгілер бой түзейді. Сондықтан біздер жастарға үлгі болудың нағыз көрсеткішін көрсеткеніміз абзал.

Есен ДОСБОЛОВ,
Құмкент ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы.



Жеңіс оңайлықпен келген жоқ

Сұранып соғыстың соңғы жылдары майданға аттандым. Яғни 1944 жылы фашистердің беті қайтып, жеңіліс таба бастаған сәтін тап келдім. «Жыланды үш кессең кесірткелік күші бар» демекші олар қанша әлсіресе де жеңіліс табатын түрі жоқ. Біздер оларды тықсыра қуып барамыз. Олар қиратқан жерлерді қалпына келтіріп, тазалық жұмыстарын жүргіздік.

Қарулас достарымыздың көбісі шейіт болды. Қанды көйлек достарымыздан айырылды. Бейбіт өмір үшін күрес оңай болған жоқ. Талай боздақтарымыздан айырылды. Талай отбасылар қара жамылып қалды. Бір үйден 3-4 адам соғыстан елге қайтпағандар да болды. Соғыстың бетін әрмен қылсын.

Әскерден 1950 жылы оралдым. Басты мақсатым-оқу болды. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық ин-

ститутына құжат тапсырдым. Ауыл баласына оқуға түсу де оңайлыққа соқпады. Еті тірлігімің арқасында оқуға іліктім. Аталған оқу орнының Химия-биология факультетін бітіріп келіп, ауылымда мұғалім болдым. Кейін директор болып ұзақ жылдар қыз-



мет атқардым. Қазір ауданда соғыстың соңғы солдаты болып қал-

дым. Өзім қатарлы майдангерлер бақилыққа аттанып кетті. Жасым тоқсан жетіден тоқсан сегізге шықты.

Балаларымның ортасында аман-есен өмір сүріп жатырмын. Құдайдың бұнысына да шүкір. Сонау отты жылдарды еске алсам, жанарыма жас келеді.

Балаларыма бейбіт өмірдің қадірін білгендер деп күнде айтып отырамын. Болашақ осы жастардікі. Сондықтан еліміздің болашағы үшін адал еңбек етіңдер дегім келеді.

Бүгінгі семинарды жақсы ұйымдастырып отыр. Жастар алдыңғы буыннан үлгі алады ғой. Ардагерлер кеңесі тағылымды шараларды көп өткізіп келеді, бір шарадан қалған емеспін. Барлығына қатысамын. Батамды беремін. Өз өмір жойым жайлы естеліктер айтамын.

Мырзахмет ЖЫЛЫСБАЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері, ауданның Құрметті азаматы.

Бала күндеріміз еңбекпен өтті

Біздер, қариялар жастардың бойынан патриоттық сезімді, Отан сүйгіштік қасиетті көргіміз келеді. Өйткені біздің балалық шағымыз соғыс біткеннен кейінгі кезеңмен тұспа-тұс келгені рас. Сол кезде жас болсақ та, болса да көмегіміз тисін деп еңбек еттік. Үлкен кісілерге қолқанат болдық. Айтқандарын істеп, жүгіріп жүретінбіз. Бала болсақ та егіс, отар басынан табылып әке-шешемізге қолқанат болғанбыз. Қазіргі кезде өзіміз өсіріп-өндірген ұрпағымызға үлгі-өнеге беріп ортасында отырмыз. Заман тыныш. Ел ішіндегі ынтымақ-бірліктің нығаюына үлес қосып келеміз. Еңбек еткен адамға қашанда құрмет көрсетіледі. Соны балалардың құлағына құюмен келеміз.

Сонау өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары қиындықтар болды. Десе де «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші ол қиындықтан да



өттік. Кездескен кедергілерді жеңе білдік. Ауданымыздың қазіргі тұрмыс-тіршілігі өте жақсы. Әрбір үйде екі-үш автокөліктен бар. Біреуін қойға, біреуін тойға мініп жүр. Жағдайы төмен болса осылай болар ма, еді. Біздің негізгі мақсатымыз-ел тыныштығы болса, халықтың тұрмысы жақсы болса деген ой ғой. Олай жасауға толық мүмкіндігіміз бар. Тек қана еңбек етіп, өз тіршілігімізді

өзіміз жасауымыз керек.

«Қарты бар үйдің-қазынасы бар» деген сөз бекер айтылмаған ғой. Ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет көрсету адамгершіліктің ең бір асыл қасиеттерінің бірі. Сол үрдісті жалғастырып, ізеттілік, инбаттылықты бойына сіңірген жас жаман болмауға тиіс.

Аудандық ардагерлер кеңесі тарапынан көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тәлімді, тәрбиелік мәні зор шаралар көптеп өткізіліп келеді. Мұның барлығы да жастар ғибрат алса деген ізгі ниеттен туған нәрсе. Ауданымызда өтіп отырған облыстық семинар да сол ізгі ниеттен туған дүние.

Тыл ардагері ретінде бүгінгі өтіп отырған тағылымды шарамен аудан халқын, ардагерлерді құттықтаймын. Ылғи да жақсы күндерде осылайша пікір алмасып тұрайық.

Әліп КАРЕНОВ,
тыл ардагері.

Басты мақсатымыз- жас ұрпақты тәрбиелеу

Ұзақ жыл уақытымды бала тәрбиесіне арнаған азаманмын. Жастайымыздан еңбекқор болып өстік. Ата-анамыз бізді солай тәрбиеледі. Біреудің ала жібін ат-



Қайыржанова Мәруэ
Созақ ауданы

тамауды үйретті. Содан жаман болғанымыз жоқ. Үй шаруасын жасап, әке-шешемізге көмектесіп бойжеттік. «Қызға қырық үйден тиым» демекші ата-анамыз қыздардың тәрбиесіне айрықша мән берді. Олар берген тапсырманы тез орындап тастайтынбыз. Ол кезде қазіргідей телевизор, ұялы телефон жоқ. Көбінесе кітап оқитынбыз. Оқыған кітабымыздың кейіпкеріне ұсағымыз келетін. Тек қана оқуға қызығатынбыз. Әдеп сақтап, ибалы инбатты қалыпта жүретінбіз. Қақаңсұқамен ісіміз болмайтын. Кейін сол тәрбиені өзіміздің ұл-қызымыздың бойына егуге жұмсадық. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету-біздің басты мақсатымыз болатын.

Ауыл-аймақтың көзіне тек жақсы жақтарымызбен түскіміз келетін.

Аудандық әжелер алқасының төрайымы ретінде сол игі дәстүрді сабақтауды басты назарға алғанмын. Аналар алқасында он жылдан астам уақыт жетекшілік етіп келемін. Біздің ұйым әжелер арасында, қыз-келіншектер ортасында барынша тәлімді-тағылымды шаралар өткізуді күн тәртібінен түсірген емес. Жұмыстарымыз жүйелі жолға қойылған. Әр ауыл әкімшілігінде әжелер алқасы құрылған. Барлығы жүйелі кестемен жұмыс жүргізіп келеді.

Өткенде Созақ, Құмкент ауылдарында ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында шаралар өткізілді. Алдағы кезде басқа ауылдарда да осындай шаралар өткізу жоспарларымызда бар.

Мәруэ ҚАЙЫРЖАНОВА,
аудандық әжелер алқасының төрайымы.

Жақында Құмкент ауылында «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» деп аталатын ұлттық салт-дәстүрді насихаттау бағытында шара өтті.

Таңертеңгісін ертелеп Құмкент ауылын бетке алып жолға шықтық. Көктемнің көгілдір шағындағы даланың әуелгі көрінісі біздерді ерекше толқытып, жүрегімізге жылылық нұрын құйып жіберді. Қасиетті, киелі мекенге жеткенше бойымызды ғажап сезім билеп, көңіліміз көкке көтерілді. Жусанның иісі тынысымызды кеңейтіп, жанымызды жадыратты. Жол бойы төрт түлік малға толы. Бұдан елдің тұрмысы көңіл көншітерліктей екендігі байқалады. Анда-санда торғайлар пыр-пыр ұшып қояды. Қоңырбасы шөбі қалың бітіпті. Бұл малдың тез ет алуына септігін тигізетіні хақ. Шаруаларға малдың семіз, қоңды болғаны дұрыс. Өйткені «Жер тойынбай, ел тойынбайды» деген тәмсіл бар. Бала күнімізде тайға мініп шапқан жерлер көзге ыстық көрінеді. Сайдың бойын жағалай



лына бастап барды.

Сахнадан ауыл тұрғындары өнерпаздарды асыға күтіп отыр. Ауылдық әжелер алқасының төрайымы Күләйша Усаева шығып, бүгінгі өткізілгелі отырған мәдени шара жайлы көрермендерге айтып өтті. «Ақ әжелер» тобының атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды. Бұл топтың құрылу тарихы да қызық. Бұдан ширек ғасыр бұрын осы топ құрылып, өнер сүйер қауымның ілтипатына ие болған еді. Топ мүшелері ол кезде алпысты алқымдап қалған жас әжелер болса, бұл күндері алды сексеннің сеңгіріне шыққан. Оларды құрметтеп сахна төріне шақырды. Бұл ақ әжелер ауданның намысын қорғап, облыстың байқауларында топты жарған. Әрдайым жүлделі орындарды жеңіп алып, жылдыздары жаңған. Ауданымыздың мәртебесін көтерген. Өкінішке орай бірталайы дүниеден өтіп кеткен. Олардың орнын басқа әжелер толықтырған.

Алғашқы сөзді аудандық ардагер-

Құмкентім-киелі мекенім

сағыз тергеніміз әлі есімде. Тау сағызы өте дәмді болатын. Әрі денсаулыққа да пайдалы. Әуелгіде әжем теріп алып, келіп беретін. Кейін өзіміз үйреніп алдық та, жеке барып теретін болдық. Қазіргі резина сағыздан әлде қайда керемет. Бірімізден-біріміз сұрап алып шайнайтынбыз. Біздің ауылдың шопандары төл қоралары Құрсайдың бойына отыратын. Сары «Пазик» автобуспен Шолаққорғанға талай барғанбыз. Одан Құмкентке өтетінбіз. Кейде өткен шақты да сағынасың. Құстай ұшқан автокөлігіміз

кіргізіп, асық ойнап, ләңгі төпкен жерім. Осы ауылда мектеп табалдырығын аттап, білім нәрін бойыма құйып, ұстаздардың тәлімін алып, үлкен өмірге қанаттандым. Балалық, шәкірттік сәттерім есіме түсті. Өзім талай суына шомылған оман арық сылдырап ағып жатыр. Жиегінде ауыл балалары ойын қызығына беріліп, шапқылап жүр.

Көлігіміз жасыл желекті, жан-жағы талмен көмкерілген тұстан өтіп барады.

Қара талдар көктемнің әдемі желімен әсем тербеледі.

Ой тұнығына саяхаттап отырып,

қуанышқа бөленді. Ауыл тұрғындары қонақтарды меймандостықпен қарсы алды. Қариялар бауырына басып «Қош келдіңіздер» деп жатыр. Балалар алқызыл гүлдері мен бізден бірге барған әжелерді қарсы алып, ұсынып жатыр. Мәдениет үйінің айналасы жып-жинақы, тап-таза. Қонақжай құмкенттіктер келген кісілерге жылы ілтипат көрсетті.

Мәдениет үйіне кіре берістен-ақ бұл өткелі отырған шараға қызу дайындық бары айқын сезіледі. Ербір беріс фозге жағалай көрме қойылыпты. Мектеп оқушыларының шебер қолынан шыққан бұйымдар алыстан көз тартады. Сурет өнері мен бейнелеу өнерлеріне бейімділіктері қуантты. Сондай-ақ, қол-өнерге де айрықша мән бергені көрініп тұр. Келген қонақтар әлгі экспонаттармен танысып, әрбір жасаған бұйымдарға қызығушылықпен қарады. Талантты балалардың қиялынан туған дүниелер өте керемет жасалыпты. Әрбір туындыда туған өлке, оның табиғаты, әсем көрінісі тамаша үйлесім тапқан. Жан-жақты ізденістері көзге ұрып тұр. Уақытпен үндесіп жатқандары де жетерлік.

Мәдениет үйі ауыл тұрғындарына лық толы. Бәрі ерекше қызығушылықпен келіп отыр. Сахна ұлттық нақышта көркем безенді-

лер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетовке ұсынды. Қабылбек аға ұлттық салт-дәстүрдің жас ұрпақ тәрбиесіндегі роліне тоқталып, Құмкент ауылының «Ақ әжелер» тобы өскелеңі ұрпаққа өнегелі істерімен үлгі болып, облыстық байқауларда жүлделі орындардан көрініп келе жатқанын тілге тиек етті. «Ақ әжелер» тобының мүшелерін марапаттады. Десе де соңғы кезде өнер бәйгелерінде бұрынғыдай үнемі топты жарып, алдыңғы орындардан көрініп, көш бастаған әжелерде сәл босаңсу болғанын ескертті. Басқа ауылдың өнерпаздары озып бара жатқандығын айтты. Күләйша апайдың осы ауылға келін болып түскен сәттен бастап, көптеген игі шараларға бастамашыл болып келе жатқандығын мақтанышпен жеткізді. Ауданда, ауылды танытуда үлкен еңбек сіңіргендігіне тоқталды. Жастардың қариялардан күтетіні ұлағатты тәрбие, өнегелі ақыл, парасатты пайым екендігін сөзіне арқау етті. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен ізгі жолды әрмен қарай жалғастырып, жастарға ұлттық рухта тәрбие беру,-деді.

Бұдан кейін Құмкент ауылының өнерпаз әжелерімен жастары әзірлеген келін түсіру салтына байланысты қойылым көрермендер назарына ұсынылды. Қойылымда ұлттық дәстүрдің бірнеше қойылымдар көрсетілді. Ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, ардагер-ұстаз Есен Досболов тағылымды әңгіме айтты. Ауданның Құрметті азаматы, ауыл ақсақалы Серікбай Жуаншалов жаңа түскен келінге бата берді. Болат беташар жырына айтып, келіннің бетін ашты. Жәнібек Қарменовтің шәкірті, бірнеше ән байқауларының жүлдегері, ұстаз балтаңдай әнші Кенжебай Шал әуелете ән шырқап, өзі тәрбиеленген Ахат Кенжебаев бастаған шәкірттерін сахна төріне шығарды. Жас, талантты шәкіртінің тұсауы кесілді.

Жиналған ауыл тұрғындары «Бәре-келді, жарайсыңдар! Өнерлерің өрге жүзсін» деп, өнерпаздарды желпіндіріп отырды. «Ақ әжелер» тобы мүшелері ауыл әкімі Фани Пардабекұлына өздеріне әрдайым демеуші болып, қамқорлық жасап келе жатқанын мақтанышпен айтып, оған баталарын берді. Өтуі бір күндік болғанымен ауылдағылар көпке дейін айтып жүретін ұлттық дәстүрді насихаттау бағытындағы өнер кеші мәресіне жетіп, ауданнан келген қонақтар, ауыл тұрғындары үлкен әсермен тарады.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,
Шолаққорған-Құмкент-
Шолаққорған.



Құрсайға да жақындап қалды. Әр көктемде осы суы жоқ өзен тасып жататын өткел бермей, адамдар жары өтіп жүретін. Қызылкөлге суы құйылып, көл бір жырғап қалатын. Көктемде төл қораларға көшкен шопан отарлары да бұл Құрсайдан әзер өтетін-ді.

Биылғы жылы осы өзенге су тасып, арнасынан асты. Тасқын суының бәрі Қызылкөлге құйылды. Көп жылдар бойы тартылып, ажары кете бастаған көлге су құйылып, реңі кіріп қалды.

Құрсайдан өткеннен кейін «Құмкент ауылы» деп жазылған тұсқа туған жердің жусанын иіскейін деп, көлікті аялдаттым. Жусанның бір талын алып құшырлана иіскедім. Кім кімге де болсын туған жер, кіндік кескен жер қашанда ыстық қой. Мен ерекше толқыдым. Қабылбек аға: «Шіркін, туған жерге ешнәрсе жетпейді ғой! Мен Сауранбайда дүниеге келгенмін,-деп балалық шағын сағынышпен есіне түсіріп жатыр. Мен де ерекше толқып отырмын.

Қызылкөл ауылының тұсынан өтіп барамыз. Талай табаным тікенегін



Құмкент ауылына да ат басын тіредік. Сиырлар маң-маң басып өріске кетіп барады. Әр жерден сиыр айдаған ауыл тұрғындары көзге түседі. Ауыл орталығындағы мәдениет үйіне жақындап келеміз. Алдымыздан кимешек киген аналар шығып, ақ жүрекпен қарсы алып,

рілген. Семинар басталмас бұрын қариялар мен аналардың қолын алып, мал-жан амандығын сұрастық. Жүздерінен ерекше қуаныштың, шаттықтың лебі есіп тұрды. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есен Досболов, Серікбай Жуаншалов қарсы алып, мәдениет үйінің за-

Дін – көркем мінез қалыптастырудың ғажайып мектебі. Діни тәрбие – адамның ішкі жан дүниесін тазартып, ізгілікті адам қалыптастыра отырып, дүниені тәрбиелеу арқылы рухани сауаттылыққа жетіп, мінез-құлқын түзеуге көмектеседі. Өз дінінің қадір-қасиетін сезбеген, елінің тарихынан бейхабар жанның ұлт мүддесіне жаны ашығарып анық. Қаншама ақын-жазушылардың, ғұлама-ғалымдардың қанатты сөздеріне қарасақ адамға ең алдымен тәрбие берілуі керек екендігі айтылады. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы тиіс. Діни тәрбиені ұлттық тәрбиемен қатар сіңіріп, жастардың бойындағы отансүйгіштікпен дінде құнды саналатын асыл қасиеттерді қалыптастыруға негіз болып саналады.

Әл-Фарабидің пікірінше тәрбиенің мақсаты адамның бүкіл күш-жігерін, қабілеттерін дамыта отырып, мінез-құлықты кемеліне жеткізе отырып ахлақ тәрбиесі мен діни тәрбиені ұштастыру. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой өрісі кең адамдарды толық мінезді адам деп атаған. Ал сол толық мінезді адам болу адамның алған діни және адамгершілік тәрбиесінен туындайды.

Адам – барлық танымдардың орталығы, объектісі. Діни сананы құқықтық, моральдық механизмдер арқылы түзу бағытасақ, қоғамда ешқандай алауыздық пен мемлекетіміздің тұтастығын бұзатын залалды оқиғалар орын алмайды. «Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды», – деп Хакім Абай айтқандай, ең алдымен тәрбие адамның өзінен басталады. Өзін тәрбиелеу арқылы адам қоғамды тәрбиелейді. Ал рухани тәрбие әрбір ақыл иесін өз қалауымен дүниеде де ахиретте бақытқа және рухани кемелдікке

жеткізетін, дүниені шынайы танып білуге мүмкіндік беретін ең жоғарғы құндылықтардың бірі. Сол себепті рухани тәрбиенің адам өмірінде алар орны орасан.

Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие. Білім адам өмірінде қаншалықты рөл атқарса, тәрбие одан да маңызды. Себебі әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы». Қанша білім иесі ғалым болсаңыз да тұла бойыңыздан тәрбие тұнып тұрмаса, онда алған білімнің пайдаға асатыны екіталай. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай:

Дін-тәрбие құралы

«Тәртіпке бас иген адам құл болмайды», – деген қанатты сөздер қарапайым мектеп қабырғасында ұстаздар айтатын «Ең алдымен – тәртіп, сосын – білім», – деген сөзге тиек болатындай.

Тәрбие – тал бесіктен. Балаға ата-ана, ұстазы, ортасы тәрбие беруші кеңістік. Ешбір әке баласына жақсы тәрбиеден артық ештеңе бере алмайды.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Тәрбиедегі мақсат – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару», – деген. Яғни ақыл иесі адам баласын басқа жаратылыстардан ерекше етіп тұратын қасиеттерінің бірі де осы – тәрбие. Ал тәрбиені беруде ата-ананың атқаратын рөлі орасан. Бірақ тәрбиеші болу үшін ең алдымен тәрбиеленген болу керек. Баланы тәрбиелеуде адамдық болмысынан айырмай, еркін екендігін сезіндіріп тәрбиелеу маңызды. Оған бірден-бір көмекші – дін. Себебі тәрбиеде ең алдымен көркем мінезді үлгі тұтар адам болуы

маңызды. Ең көркем ахлақтың иесі – Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар. «Мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберілдім (әл-Хақим)», – деген хадисінен қандай көркем мінез иесі екендігін аңғара аламыз.

Қорытындылай келе, дін – тәрбиенің басты құралы. Дін – адам өмірінің сақтаушысы, екі дүниеде бақытқа жеткізуші күш. Оны тәрбиенің басты құралы ету де бақытқа жетудің бірден-бір жолы. Қазақ – дінін, салт-дәстүрін берік ұстанған халық. Аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан үйрете білген, тәрбені тал бесіктен

берген халық. Дәстүрді дінмен ұштастырып, ұят пен арды қатар сіңірген халық. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамындағы ең өзекті мәселе діни танымды дұрыс қалыптастыру, дін мен дәстүр тұтастығын кездің қарашығындай сақтау. Діни танымды дұрыс қалыптастыру ең бірінші, отбасы институтынан бастау алып, ақыл арқылы діни білім негізінде дамып, тұрақталады. Ал екінші дін мен дәстүр мәселесіне келетін болсақ, ата-бабаларымыздан бері ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келе жатқан қазақи дәстүрді ислам дінімен сабақтастыру, ислами тәрбиені жастарымызға тәрбие беруде бірден-бір құндылықпен дұрыс бағыт екенін біле отырып, ұрпақты асыл дініміздің шырынымен сусындай алсақ, ислами тәрбиемен сусындаған жастар – халқымыздың мәдениетінің сақталуының кепілі болатыны айдан анық.

Г. БЕКЖАН,
Теолог маман.

Ақпараттық кеңістіктегі діни экстремизм

XXI ғасырдың басында дүниежүзілік интернет желісі экстремистік және террористік ұйымдардың ақпараттық қызметінің негізгі алаңына айналды. Бұл құбылыс ақпаратты онлайн таратудың тиімділігі мен ыңғайлылығына, географиялық шоғырлануына қарамастан ауқымды аудиторияны (интернет желісін пайдаланушылардың жалпы саны – 4,54 млрд, Қазақстан аумағында – 17,5 млн) қамту мүмкіндігіне ие.

Экстремистік топтар тарапынан жаңа жақтастарды қатарына тарту үшін барлық қолжетімді мүмкіндіктерді қолданылады: әлеуметтік желілер, тақырыптық форумдар, мессенджерлер, онлайн ойындар және т.б. Экстремистік ұйымдардың негізгі мақсатты аудиториясы әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен берік идеологиялық көзқарасы қалыптаспаған жастар санаты (18-35 жас аралығында) болып табылады. Жастардың интернет арқылы радикалдануы жаһандық үдеріс, оның аясында әлеуметтік желілер зорлық-зомбылықты насихаттаудың, радикалды идеялардың таралуының стратегиялық құралы ретінде қолданылады. Әлеуметтік желілер мен SMM жарнамалық құралдарын пайдалану арқылы халықаралық террористік ұйымдардың көшбасшылары өз аудиториясының негізгі қажеттіліктерін анықтап, соған сәйкес материалдар дайындайды (жоғары сапалы аудио-бейне контент, мемдер, комикстер, суреттер, өлеңдер және т.б.). Бұл сын-қатерлер мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдастық тарапынан жүйелі шешімдердің қабылдануын талап етеді. Жаңа технологиялардың да-

му ғасыры жастар арасында онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын-алудың тиімді тетігін құру қажеттілігін айқындады.

Бүгінгі таңда әлемде онлайн кеңістікті пайдалана отырып, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың түрлі әдістері қолданылуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО) және Женева қауіпсіздік саясаты орталығының зерттеулері бойынша бұл әдістер екі негізгі санатқа бөлінеді: қарсы насихат және медиа-ақпараттық сауаттылық.

Қарсы насихат әдісі интернет желісінде экстремистік ақпаратты әшкерелейтін бағдарламаларды (openyoureyes.net, islamagainstextremism.com) құруға негізделген. Сонымен қатар, «Redirectmethod.org» бастамасы желі қолданушыларын «Adwords» таргет құралдары арқылы экстремистік материалдарға қарсы бағытталған YouTube бейнелеріне (деректі фильмдер, діни мәселелер бойынша сұрақ-жауап, пікірталастар) бағыттайды. Бұл әдіс қазіргі таңда үкіметтік емес ұйымдардың көмегімен іске асырылуда. Медиа-ақпараттық сауаттылық әдісі жастар арасында діни экстремизм идеяларының алдын-алу, сыни ойлау дағдыларын дамыту мақсатында құрылған бағдарламалар жиынтығы (NET-MED, MIL CLICKS, Mind over Media, YouTube Creators for Change) болып табылады. Медиа-ақпараттық сауаттылық негізінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында мобильді ойындар мен қосымшаларды құрастыру бойынша «PEACEapp» атты халықаралық байқауды ұйымдасты-

рады. Атқарылатын іс-шаралар жастардың интернет желісінде экстремистік материалдарды тануға және оларға қарсы тұруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы ұжымдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда мемлекет ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың кең спектрін өткізуде.

Қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдарында экстремизм мен терроризм мәселелеріне тұрақты мониторинг жасалып жатқандығын және экстремистік ұйымдар аудиториясының тарылып жатқанын байқаймыз. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын-алу бойынша қарсы насихат және ақпараттық-түсіндіру әдістері қолданылады. Қарсы насихат жұмысы әлеуметтік желілерде жергілікті Дін істері басқармалары мен «Дін мәселелерін зерттеу орталықтары» тарапынан жүргізіледі. Танымал әлеуметтік желілерге дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша аудио-бейнематериалдар, сұрақ-жауап, діни мамандар мен сарапшылардың дәрістері, пікірлері орналастырылады. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына, интернет-ресурстарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Ы. КИРГИЗБАЙ,
Теолог маман.

Адамзат тарихының күре тамыры-мәдениет

Адамзат тарихының күретамыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Бұл бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын, өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгісі – мәдениеті. Мәдениет дегеніміз – білім, сенім, құндылық, өнер, заңнама, әдеп, тарихи құндылықтар және тілдердің жиынтығы. Сол арқылы адамзаттың ой-өрісін кеңейтіп, сезімін бекітеді, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастырады.

Өркениетті ұлтбөрінен бұрын тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

Көрнекті әдебиетші ғалым Құлбек Ергөбек «Түркістан жинағы» атты кітабында былай деген еді: «Адамзат ұрпағы басынан кешкен замандарды көз алдыңызға елестетіп, оны көңілге түйгіңіз келсе, жарқын болашаққа нық сеніммен ой жүгірткіңіз келсе, ең алдымен, мұражайға кіріп, ондағы жәдігерлердің сырына үңілудің маңызы зор».

Ата-бабалардың өмірлерінде ұстап тұтқан бұйымдарын таңдай қағып тамашалап, өткенге салауат айтып, қасиеті дарыған бабалар мұрасынан тағылым мен тәрбие нәрін алып шығатыныңыз анық. Мұражай – табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекен. Мұражай жәдігерлері ғылым мен өндірістің алуан түрлі салаларын қамтиды. Мұражай – тарих, мұражай – шежіре. Мұражай – білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы – мұражай.

Т. Джефферсон: «Сіздің артыңызда қалдырған мұраңыз – жинаған байлығыңыз, жай ғана құндылықтар емес, жақсы өткізген өміріңіз. Құндылықтар – адамдардың не үшін өмір сүретінінің белгісі». Тарих, этнография, мәдениеттану, әлеуметтану, әлеуметтік антропология ғылымдары бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі көрнекті ғалымдар Роман Мариновский, Виктор Тернер, Клод Ливестроз – бұлардың барлығы мұражай қызметкерлері. Әлемдік мәдениетте сүбелі еңбектері мен мәңгі өлмес ғылыми туындыларын қалдырған ғалымдар мұражайда қызмет ете жүріп, ойларын дамытқан.

Ал енді Ислам мәдениетіне қарай ойысақ. Мәлік Ибн Нәби берген анықтама бойынша Ислам мәдениеті – бұл жансыз мұра ғана емес, адам баласы дүниеге келген сәтінен бастап-ақ жолығатын мінездік қасиеттер мен құндылықтар. Әрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан нысаналы шындық. Оның ішінде адам баласы өз тұлғасын, табиғатын бейнелей алады. Осылайша ғылым мәдениет арасындағы айырмашылық айқындалады.

Ислам діни бөтен мәдениеттерді жатсынған емес. Қайта оларды өркендетіп, жақсы жақтарын алып отырған. Ислам мәдениеті көптеген халықтарды, ұлттарды бірлестіреді. Оларды білімге, ғылымға және мәдениетке жетелейді. Сондықтан да ислам дініне енген халықтардың арасында рухани мәдениет орта ғасырда өз деңгейінде дамып отырды.

Өркениетті елдерде дінге, мәдениетке, мұражайға деген жалпыхалықтық махаббат айрықша. Сондықтан біз қазақ мәдениетін әлемге таныту үшін, алдымен, өз елімізде мәдениетке, рухани құндылықтарға деген құрмет пен білімді жоғарылатып, ғылыми негіздерге сүйеніп, жіті зерттегеніміз жөн. Егер барымызды бағалай білсек, бізде басқаға танытарлық байлығымыз жетерлік. Бүгінгідей індет қысқан кезеңде керекті істен кейіндеп қалмай, барынша белсенділік білдіруімен мәдениетке деген құрмет сезімін ортайтпағандар келешекте де ел тосқан тұстан көрінеріне күмән жоқ.

Б. АБДРАХМАН,
«Қоғамдағы дін қатынастарын зерттеу» бөлімінің маманы.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 31 мамыр және 1 маусым күндері сағат 10-00 ден 12-00 аралығында <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб-порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жазау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектелулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы па-

кетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы

куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб-порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК: HSBKZ KX; КНП: 171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8775-026-35-36

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі Ж.Өткелбаев көшесі	Дүкен құрылысы үшін	231 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	44 444	31.05.2023 10-00	172 500
2	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Е.Алдасүгірұлы көшесі н/з	Кеңсе тауарлар дүкенінің құрылысы үшін	540 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	66 420	31.05.2023 11-00	172 500
3	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі	Тұз сақтайтын қойма құрылысы үшін	80 га	10 жылға жалға	Электрондық түрде	11 264 000	31.05.2023 12-00	172 500
4	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі	Жылу базасы «көмір сату» үшін	4 га	Жеке меншік	Электрондық түрде	4 224 000	01.06.2023 10-30	172 500
5	Созақ ауданы, Таукент кенті	Балалар ойын алаңшасы құрылысы үшін	784 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	228 536	01.06.2023 11-30	172 500

Қоғам дертімен күресейік!

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін жастарымыз сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік ор-

гандардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «біртерезе» қағидаты енгізілді.

Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төтеп бере аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеп өсіру керек.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрайық

да байланысты болып келеді.

Қазақстанда экономиканы жаңдандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таңыту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы бағыттар шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта қарастыруға және жемқорлық құқықбұзушылықтар арасына нақты шек қоюға, мемлекет тіршілігіне азаматтық бақылау жүйесін құру және енгізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ азаматтардың көпшілік ақпаратқа еркін рұқсат алуын қамтамасыз ететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Көпшілік ақпаратқа рұқсат туралы» жаңа заңдары дайындалып, қабылданатын болады.

Тимур АСҚАРБЕКОВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық тіркеу және қадастры бөлімінің басшысы.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларын бұзу, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық іс-әрекет тудыратын фактілері бойынша 4-25-05 сенім телефонына хабарласуына болады.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Жаз мезгілі келісімен, балалардың демалысын ұйымдастырып, түрлі сауықтыру ұйымдарына жіберіп жатамыз. Жазғы сауықтыру ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болғанда ғана балалар мен жасөспірімдердің сауықтырылуы және демалуы тиімді болады. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерге әрбір баланың денсаулығына және балалардың жазғы демалысының күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру-

-улы саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жидектер мен улану жағдайларының алдын алу;

-балалар жарақатының алдын алу, қауіпсіз жағдайда бірінші көмек көрсету ережелері бойынша оқыту;

-темекі шегудің, спирттік ішімдіктің, нашақорлықты пайдаланудың зияндығы туралы түсіндіру;

-жеке бас гигиенасын сақтау, тері-мерез, ЖИТС ауруларының алдын алу сияқты тақырыптарды ұйымдастыру.

Жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру кезінде қойылатын талаптар

ына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Балаларды сауықтыру ұйымдарын ашу алдында кенеге қарсы өңдеуді және кеміргіштерге қарсы күрес бойынша іс-шараларды уақтылы ұйымдастыру және жүргізу қажет. Балаларды қабылдау денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама болған жағдайда жүзеге асырылады. Балаларды сауықтыру ұйымдарының жұмысшылары медициналық тексеруден толық өтуі қажет.

Шомылуға арналған су бетінің шекарасы ашық түсті, жақсы көрінетін қалқитын белгілермен белгіленеді. Жағажайдың аумағында бірібірінен 40 м аспайтын қашықтықта қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

Жыл сайын жағажайда таза құм, малта тас себіледі. Адамдардың шомылуына арналған орындарда киім-кешек жууға және жануарларды жуындыруға жол берілмейді. Бассейн суының тазалығын, шомылушылар мен қызметкерлердің жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау қажет, бассейн суы рқсат етілген жуу-тазалау және залалсыздандыру құралдары қолданылып, уақтылы залалсыздандырылуы тиіс.

Күн тәртібі балалардың жас ерекшелігіне байланысты құрылады. Балаларды сауықтыру ұйымдарында балалардың гигиеналық тәрбиесі медициналық және педагогикалық қызметкерлерімен өткізіледі. Бұл жұмыстың ұйымдастырылуы санитарлық-ағарту жұмыстарынан және салауатты өмір сүру насихатынан құрылады және келесіні бағыттайды:

Қазақ «Ас – адамның арқауы» дейді. Расында да, дұрыс тамақтану әрі ас дайындаудағы тазалықты сақтау – адам денсаулығының кепілі. Әсіресе, жазғы мезгілде балалардың демалыс орындарында тазалық сақтау міндетті.

Жазғы демалыс мекемелерінің жұмысын бастамас бұрын олардың санитарлық жағдайын қалыптастыру шаралары жүргізілуі тиіс. Ол үшін материалдық-техникалық базаны дайындау, сумен қамту, кәріз жүйелерін жақсарту, технологиялық және мұздатқыш қондырғыларының дұрыстығын қадағалау қажет. Бұл жұқпалы ішек аурулары мен тамақтану уланудың алдын алады. Балаларды сапалы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасалынуы тиіс.

Лагерь қызметкерлерінің гигиеналық дайындықтары мен алдын ала медициналық тексеруден өтуі де бақылауда ұсталуы қажет.

Ескертеміз! Инфекциялық және жаппай уланудың пайда болуын және таралуының алдын алу мақсатында майонез қосылған күрделі салат өнімдерін тамақ рационында болмауын қадағалау қажет. Жазғы сауықтыру мекемелерінде балалардың сапалы ауыз сумен қамтылуына, медициналық қызмет көрсетуіне, балалардың толық құнды, құнарлы тамақтануына мекеме басшылары және лагерь жетекшілері жауапкершілікпен қарап, аса мән беруі керек.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының басшысы.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің кіші қызметкері Данышпанова Гүлнарға жолдасы **Ордабаев Бауыржанның** қайтыс болуына байланысты ұайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі – кәсіби мемлекетті құру екені мәлім. Біздің мемлекетіміздің алдында тұрған стратегиялық міндеттердің сапалы іске асырылуы қай саланың болмасын дамуы мемлекеттік қызметтің кәсіптілігіне негізделеді. Сондықтан, қазіргі таңда елімізде мемлекетшілерге қойылар талаптардың күшейгендігін байқаймыз. Мемлекеттік қызметшінің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне айрықша көңіл бөлінуінің астарында оның іскерлігі ғана емес, сонымен қатар, айнала-сындағыларға құрметі мен ізеті де сараланады. Мемлекеттік қызметші әрқашанда әдеп кодексінің талаптарын естен шығармағаны абзал. Мейлі, ол

метшілерге қойылар талаптардың күшейгендігін байқаймыз. Мемлекеттік қызметшінің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне айрықша көңіл бөлінуінің астарында оның іскерлігі ғана емес, сонымен қатар, айнала-сындағыларға құрметі мен ізеті де сараланады. Мемлекеттік қызметші әрқашанда әдеп кодексінің талаптарын естен шығармағаны абзал. Мейлі, ол

дың қарамағындағы қызметшілермен және төмен тұрған лауазымдағы қызметшілердің басшылармен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар айқындалған. Яғни, олардың өзара қарым-қатынас жасауы іскерлік негізде жүзеге асырылып, ұжымда әріптестер бір-бірінің ар-намысы мен абыройына зиян келтіретін ақпарат таратпаулары тиіс делінсе,

Мемлекеттік қызметшінің әдеби-қоғам айнасы

кеттік қызмет аппаратының кәсіби біліктілігіне, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептік келбетіне зор мән берілуде. Оның нақты дәлелі – 2016 жылдың 1 қаңтарда күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдардың және мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің қабылдануы болып табылады.

Біз сөз етіп отырған жаңа Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын-алуға бағытталған. Яғни, бұған қарап отырып біз, бұрынғыға қарағанда мемлекеттік қыз-

жұмыс барысында болсын, мейлі, ол демалыс күндерінде болсын, қонақта болсын, далада табиғат аясында демалғанда болсын, тіпті, жай үйінде қонақ күтіп отырған күннің өзінде де. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей, бұқара халық олардан үлгі алады, соларға қарап бой түзейді, сөз түзейді.

«Кодекстің «Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарты» атты үшінші бөлімінде, жоғарыда айтқандай, мемлекеттік қызметшілер жұмыстан тыс уақытта қарапайым болуы, қоғамда белгіленген жалпы моральдық-әдептілік нормаларын сақтауы, заңнама талаптарын бұзбауы қажет деп көрсетілген.

Бұдан басқа қызметтік қарым-қатынастардағы мінез-құлық стандарттарында әріптестердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, басшылар-

басшы қол астындағы қызметшілер үшін барлық адамгершілік қасиеттердің үлгісіне айналуы, оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиеттерін қорлауға жол бермеуі және қызметтен тыс мәселелерін шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауы тиіс делінген. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының талаптарын мұқият сақтап, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосуымыз қажет.

Ғ.МУСАБЕКОВ,
Созақ ауданының статистика басқармасының бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС-ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап

айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қилықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Аяғоз АБДРАСИЛОВА,
аудандық ХҚКО маманы.

БЖЗҚ БЖЗҚ-ның Қазақстандағы ең танымал қызметі- зейнетақы жинақтарының жай-күйін тексеру

Азаматтардың БЖЗҚ бөлімшелеріне өздері келіп өтініш білдіруін талап етпейтін электрондық қызметтер еліміз бойынша барынша танымал болуда. Олар қол жетімді әрі ыңғайлы. Көптеген салымшылар осы қызмет түрлеріне prf.kz сайтындағы Жеке кабинетте немесе ұялы қосымшада 24/7 режимінде пайда-

лануды жөн көреді. Ағымдағы жылдың басынан бастап үш ай ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз салымшылары мен алушыларына шамамен 6,8 млн қызмет көрсетті. Азаматтар бұл қызметтердің 68% (4,6 млн) электрондық форматта, 24,8% (1,7 млн) - автоматты түрде, 2,51% (170,5 мың) – қашықтан ақыл-кеңес түрінде алуды жөн көрген. Осылайша, зейнетақы қызметтерінің шамамен 95% қашықтан алуға болады.

2023 жылдың 3 айының қорытындысы бойынша ең көп сұранысқа ие қызмет – жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат алу болып қала береді. ЖЗШ - дан 6,3 млн-нан астам

үзінді көшірме (жүргізілген операциялардың барлық көлемінің 92,71%) 2023 жылғы қаңтар-наурыз аралығында берілді. Оның ішінде 4,6 млн (үзінді көшірмелердің жалпы көлемінің 73% астамы) электрондық форматта: eprf.kz сайтындағы Жеке кабинет немесе ұялы қосымша-сондай-ақ, egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы алынған. 1,5 млн-нан астам үзінді көшірме (үзінді көшірмелердің жалпы көлемінің 24% астамы) БЖЗҚ дерекқорында көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілін таңдаған салымшылар мен алушыларға автоматты режимде жіберілді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Аудан абыройын асқақтатып қайтты

Жуырда Алматы қаласында «Панкратионнан» (тардишн және элит бөлімдері) балалар мен жасөспірімдер, кадет жастар және ересектер арасында «SAG PRO JICACY» чемпионаты болып өтті. Аталған жарысқа ауданымыздың жекпе-жек, панкратион, SAMMA MMA спорт түрлерінен ел чемпионаттарына қатысып жүрген «Sozakh fighting

club» спортшылары қатысып, бақтарын сынаған болатын. Ауданымыздан 4 спортшы аталған жарысқа қатысып, жарыстың бірінші күнінде 2 спортшымыз Азат Сәуір мен Елеу Нұрдаулет жарытлай айналымда қарсыластарына есе жіберіп қойды. Дегенмен 62 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Елеу Нұрбақыт традишн бөлімінен алтын алып, чемпион атанды. Жарыстың екінші күні Бейсенбі Қадір, Елеу Нұр-

бақыт элит бөлімінен қоланы қанағат тұтты. Жарыс қорытындысы бойынша 1 алтын, 2 қола жүлдені қанжығаларына байлап қайтқан спортшыларымызға алдағы жарыстарда да биік тұғырынан көріне беруді тілейміз.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Қызметтеріне жүргізушілер дән риза

Олар таң атпай ерте тұрып жұмысқа кіреседі. Күндегі дағдылары осы. Аудан орталығындағы «Жалғасәлі» автобөкетіндегі қарбалас жұмыс басталғалы қашан. Таңғы 6 дан бастап мұнда қозғалыс жүреді. Әр түрлі бағытта автокөліктер сапарға шығады. Ал осындағы «Нұрсила» асханасының тіршілігі тым ерте басталды. Өйткені жүргізушілер жолаушы тасымалдауға ерте кіреседі. «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» демекші. Олар таң қылаң бере осы асханадан табылады. Бірінші кезекте тамақтанатын жерді тазалап, ретке келтіреді. Сосын барып, ас-су әзірлеуге кіреседі. Содан соң самса, жұмыртқа, бәліштерін әзірлейді. Дәмді дайындалғанына көңіл бөліп, оған мұқият қарайды.

«Нұрсила» асханасы 2019 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Жеке кәсіпкерлік нысан «ИП Аштенова» болып ашылған. Жоғарыда олар деп отырғанымыз Шәкизат Аштенова Мырзағалиқызы және Әсем Төребекова. Өз істеріне жауапкершіліктен қарайтын аспаз қыздар аз ғана уақытта жүргізушілердің ыстық ықыласына бөленіп үлгерді. Олар жолушы тасымалдаушы жігіттерге барынша таза, мінсіз қызмет көрсетуді, басты назарға алады. Үнемі сапалы қызмет көрсетуді өздеріне мақсат санайды. Осы қызметтері арқылы отбастарына кіріс кіргізіп отыр. Неғұрлым жақсы қызмет көрсеткен сайын

жүргізушілерден мол алғыс алатынын олар жақсы түсінеді. Қыстың қатал аязында, жаздың аптапты ыстығында жүргізушілерге мінсіз қызмет көрсетіп жатқанын талай көрдім.



Әбдуәли Гаюпов айтады:

«Осы қыздарға көптен көп рахмет. Жұмыстарына көңілім толады. Асты өте дәмді жасайды. Бұлардың тарапынан жұмыстан қалу, келмей қалу кездескен емес. Үнемі жұмыс орындарынан табылады. Сосын асхананы өте таза ұстайды. Жүргізушілер тарапынан ешқандай шағым түскен емес. Қашан көрсеніз де ашық-жарқын, жайдары қалыпта қызмет көрсетеді,-дейді.

Кей күндері жазу жазу үшін кеңсеге ерте баруға тура келеді. Сонда «Нұрсила» асханасының тұсынан өтемі. Сол кезде қос қыз жұмыстарын қызу жүргізіп жатады. Қарап тұрып, істеріне сүйсінесің!

Жүргізушілердің, жолаушылардың алғысына бөлене беріндер кәсібін нәсіп еткен қыздар!

Бақытжан бапкер тағы бір балуанның бабын келтіріп, бағын жақты!

Сүйінші Созақ жұрты! Созақ спортының тарихи шежіресіне жас жерлесіміз жаңадан есімін жазуда! Ауданымыздың спортсүйер қауымының белді балуан, жүректі жекпе-жекші жерлесіміз Әкбар Елубайұлын танымайтыны кемде-кем. Сол Әкбардай белді балуанның бапкері Бақытжан Бейсенбаевты да Созақ спортын сүйер қауым болмаса, былайғы жұрттың бірі таныса да бірі тани бермеуі мүмкін. Себебі, балуандардың бабына жауапты бапкерлердің еңбегі көбінесе өздері баптаған балуандардың жеңістерінің көлеңкесінде қалып қояды. Әйтпесе, әрбір даңқты балуанның бағындырған белестерінің артында сол балуанның бойындағы бұла күшті көре алатын және әртүрлі әдістермен әспеттеп, шеберліктермен шыңдайтын сол бапкерлері. Әрине, ауылдан шыққан ақкөңіл, адал балуан Әкбар ініміз үнемі өзі жүрген жерінде алғашқы ұстазы, бапкері Бақытжан ағасын алдын сап алып жүреді. Мақсаты, бүгінгі жеткен жетістігімізді қай-қайсысының болмасын артында бапкерім, Бақытжан ағамның ерен еңбегі жатыр дегенді айналасына сөзімен де ісімен дәлелдеу деп білемін. Әлбетте, мұнысы үшін Әбар балуанға алғыстан басқа айтармыз жоқ. Иә, «ат аунаған жерде түк қалады» деп, енді сол Әкбар күрескен кілемнен жас, жаңа және балғын балуандар өсіп шығуда. Солардан бірі жайлы болмақшы біздің бүгінгі әңгімеміз. Сонымен, даңқты балуанның даңқты бапкері Бақытжан Бейсенбаев баптап, бағын жандырған балғын балуанымыздың Ахмет. Атасының есімі Махсұт екен. Әрине, оның өмірі, шығу тегі мен спортқа келгендегі сәттері жайлы алда әлі талай айтып, жазармыз деп ойлаймын. Ал қазір, соңғы бірекі айдың ішінде жас жеткіншегіміздің жеткен жетістіктері жайлы сөз еткенді жөн көріп отырмын. Әңгімеміздің әлқиссасын Ақпан айына бастайық. Осы айдың 10-12 аралығында ару қала Алматыда «Fog CHAMPIONS» спорт клубының ұйымдастыруымен еркін күрестен 2007-2009 жылы туған балалар мен 2010-2011 жылғы кіші жасөспірімдер және 2012-2013; 2014-2015; 2016-2017 жылы туылған жасөспірімдер арасында «PALUAN STARS» маусымаралық Республика-



лық ашық турнир болып өтті. Бұл жарысқа Бақытжан Бейсенбаев бастаған балғын балуандарымыз ауданымыз бен облысымыздың намысын қорғап барды. Солардан, бүгінгі мақаламыздың басты қаһарманы Ахмет Махсұт есімді балуанымыз +68 келі салмақ дәрежесінде күресіп, боз кілемде қарсылас шақ келтірмеді. Сөйтіп, маусымаралық турнирдің чемпионы атанды. Сондай-ақ, Сәуір айының да Созақ спорты үшін сәтті боп өткенін газетіміздің алдыңғы сандарында сөз еткенбіз. Сол, Сәуір айының 17-18 аралығында Түркістан облысы, Төлеби ауданында «Төлеби Әлібекұлының 360 жылдығына» орай еркін күрестен 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында облыстың біріншілігі болып өтті. Бас-аяғы 200 ден астам спортшы жас балуандар барған байрақты бәсекеге ауданымыздың намысын қорғап нақ осы Бейсенбаев Бақытжан баптап жүрген балғындар барған-тын. Солардың ішінен Ахмет Махсұт балуанымыз +68 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, қарсылас шақ келтірмеді. Нәтижесінде, қазақ «Төбе би» атаған Төлеби атасының 360 жылдығына арналған біріншіліктің бірінші орынын жеңіп алып, чемпиондық атақты жеңіп алды.

Мұнан соң, мамырдың 2-5 күндері Түркістан облысының Түлкібас ауданында да осы өңірдің спорты мен еркін күресінің дамуына елеулі үлес қосқан арда азаматтар «Сүттімбаев Мұратбек Қалдыбекұлы мен Мылтықбаев Хасанғалиды еске алудан» 2009-2010 жылғы жасөс-

пірімдер арасында XI Республикалық турнир болып өтті. Бұл жарысқа да Бақытжан бапкер бастаған балғын балуандарымыз барып, ауданымыздың және облысымыздың намысын қорғаған еді. Республикалық деңгейде өткен бұл турнирде де Ахмет Махсұт балуанымыз еркін күрестен 75 салмақ дәрежесіне дейін күресіп, жүлделі III орынды иеленген болатын.

Ал енді, мамыр айының 10-13 күндері Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында «Анарбек Омарбеков пен Ғалымжан Бердиевті еске алуға арналған» еркін күрестен 2010-2012 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер Республикалық чемпионат болып өтті. Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өткен байрақты бәсекеге арысы Қырғызстан, берісі еліміздің бірқатар облыстарынан 400 тарта белді де білекті, балғын балуандар легі келді. Әкбардың ізбасары, Ахмет балуан бұл турнирде де 75 келі салмақта күресіп чемпион атанды және осы салмақ дәрежесінде спорт шеберлігінен үміткер атағын қорғады.

Ендеше, тағы да барша Теріскей тұрғындарынан тағы да сүйінші сұрай отырып, білікті бапкер Бақытжанға да, балғын балуан Ахметке де толағай табыстар тілейміз. «Ат тұяғын тай басар» деп, әлеуметтің көзайымына айналып үлгерген Әкбар балуанның ізін басқан жас балуанымыздың бағындырар биігі мен алар асуы мол болсын!

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бақытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.